

## Қызылорда арнайы экономикалық аймағы туралы ережеге өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 10 қыркүйектегі N 3628

"Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 2823 Z962823\_ Заң күші бар Жарлығының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 179-құжат) 16-бабының 1-тармағына және "Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қызылорда және Қостанай облыстарының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 17 маусымдағы N 3550 Жарлығының U973550\_ 4-тармағына сәйкес қаулы етемін:

I. "Қызылорда арнайы экономикалық аймағын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 8 қазандағы N 3123 U963123\_ Жарлығымен (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 40, 375-құжат) бекітілген Қызылорда арнайы экономикалық аймағы туралы ережеге мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1. 1-тармақтың бірінші абзацындағы "60979" деген сан "82136" деген санмен ауыстырылсын.

2. 12-тармақтың үшінші абзацындағы "1998 жылға - 25%, 1999 жылға - 30% және 2000 жылға - 35%" деген сөздер "ал 1998 жылдан бастап - Қызылорда АЭА-ы жұмыс істейтін барлық кезеңде 40% мөлшерінде" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 13-тармақта:

үшінші абзацтағы "Қызылорда АЭА-ының экономикалық және әлеуметтік даму қорының қаражаты" деген сөздерден кейін "заңда айқындалған тәртіппен бюджеттен тыс шоттарға жиналады және" деген сөздермен ауыстырылсын.

төртінші абзац алынып тасталсын.

4. 18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Шетел және Қазақстан тауарларын Қызылорда АЭА-ына әкелу кезінде кеден баждары мен салықтар алынбайды және экономикалық саясат шаралары қолданылмайды".

II. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК